

Ұлттық құндылықтар – рухани жаңғыруымыздың кепілі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы қазақ және орыс тілдері кафедрасы ұжымында да кең қолдау тапты.

«Жаңарған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады», - деді Елбасы. Соның бірегейі - тіл. Қазіргі таңда елімізде әліпби таңдау, оның ішінде латын графикасына негізделген қазақ жазуын жасау мәселесі күн тәртібіне қойылды. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы тіл білімі саласындағы белгілі ғалымдардың пікірін сараласак, олар бізге әліпби ауыстырудың бірнеше себептерін атап көрсетеді:

Біріншіден, тіліміздің табиғи заңдылықтары бұзылып барады. Өзге тілдің дыбысы, өзге тілдің сөзі, өзге тілдің ережесі өз тілімізді өгейсітіп, айтқанымыз жазғанымызға сәйкес келмей, өз сөзіміз өзіміздікі болмай отыр. Бұл әсіресе тіліміздің фонетикалық жүйесіне қатты әсер етті. Үндестік заңы түншықты. Тіліміз әуезділігінен айырылды.

Екіншіден, тіліміз осы заманғы ғылыми-техникалық прогреске икемді болмады, терминологиямыз жетіспейді деумен өзге тілдің сөзін аударамыз.

Үшіншіден, өзге тілден сөз ауысу тоқтады. Кірме сөздер қазақтың айтылуына негізделмей, сол тілдің нұсқасында енді. Тіліміз «импортталған» сөздерге толды. Өзге тілден сөз алғанда оны басып, жаншып ұлттық дәстүрде алу керек деген қағида далада қалды. Міне, осындай және тағы басқа да факторлар тілімізді дамытуға кедергі келтіріп отыр. Латын графикасына көшу арқылы біз тіліміздің табиғатын сақтаймыз, даму заңдылығының бұзылуына жол бермейміз, фонетикалық жүйесін қалпына келтіреміз, орфографиямызды түзеп аламыз, қысқасы өз сөзіміз өзіміздікі болады – дейді тіл ғалымдары.

Жалпы әліпби адамдар ақылдаса отырып жасайтын, тілді дамытудағы саналы әрекеттердің бірі. Мен өзім тіл маманы ретінде мемлекеттік тіліміз-

ді латын әліпбиіне біртіндеп көшіруді қолдаймын.

Мемлекет басшысының мақаласында білім беру, оның ішінде «мектеп-ЖОО» құрылымының рөлін арттыру жайы да қозғалған. Яғни, тарих, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа құрмет көрсету арқылы өнегелі адам тәрбиелеу қажеттігі баса көрсетілген. Президент жүктеп отырған қазақстандық бірегейлік, болашақтың біртұтас ұлтын қалыптастыру тапсырмасы білім беру үдерісі арқылы шешіледі.

«Мақаладағы «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы - игілікті идея, талабы зор, талғамы биік ұрпақ тәрбиесінің ұтымды ұстанымы. «Туған жерге туынды тік» жобасы ауылдарды дамытуды, мәдени орындар мен тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруді көздейді.

Елбасы мақаласында айтылғандай бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Бүгінгі студент жастар нарықтық реформа және өзгерген қоғамдық қатынастар жағдайында өскен ұрпақ. Ұлттық құндылықтар бұл жастардың құндылық бағыттылығына қалай да болса бір әсерін тигізеді. Қазіргі жоғары мектеп ұстаздарына қойылған негізгі талап жас ұрпақ санасында қай кезде де сапалы білім алдыңғы қатарлы әлеуметтік құндылық болып есептелетінін сезіндіру. Сапалы білім алу мен ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы ғана өзгеріп жатқан өмір жағдайларына дағдыландыру.

Студенттердің ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі – жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты.

Біздің білім ошағы да ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, ұлттық

ұлағатты ұлықтайтын ел азаматтарын тәрбиелеуді мақсат тұтады. Қазіргі көптілділікті талап ететін ғаламдану жағдайында жоғары білімді ұлттық мамандарды даярлауды тәрбие жұмыстарына көп мән беріледі. Ал білімді, тәрбиелі, ұлт игілігіне қызмет ететін тұлға ең алдымен өзінің ана тілінде қарым-қатынасқа түсе алуы керек. Өркениеттер тоғысында ана тілі білімнің ғана емес, барлық қоғамдық-әлеуметтік қажеттіліктердің сапалық көрсеткіші болуы тиіс.

Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай «Тілдер апталығын» өткізу кафедра оқытушыларының ұйымдастырылуымен әр жаңа оқу жылында тәрбиелік іс-шаралардың шымылдығын ашар қазақ және орыс тілдерін насихаттауға арналған жыл сайын өткізілетін алғашқы шаралардың бірі. Биылғы оқу жылында өткізілген «Тәуелсіздік – тұғырым, тілім – ғұмырым» атты тақырыпта өткізілген апталық шеңберінде «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» атты филология ғылымдарының докторы, психолог Мұрат Сабырмен кездесу кеші, «Язык – достояние народа» тақырыбындағы ашық студия, «Ұтымды жауап, ұтқыр ой» атты тіл білгірлерінің сайысы, «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім ал» тақырыбындағы үздік шығармалар сайысы және басқа да тәрбиелік іс-шаралар оздырылып, бұл шараларға университет табалдырығын алғаш аттаған бірінші курс студенттері тартылды. Бұл шаралар арқылы барша білім алушылардың бойында Қазақстан халқын біріктіруге қызмет ететін туған тілімізге құрмет сезімін қалыптастыру мақсат етілді.

Студенттерді республика, облыс, қала көлемінде жыл сайын оздырылып отыратын «Жұбан оқулары», «Қадыр оқулары», «Абай оқулары» мен «Оралхан Бөкей» атындағы өзге ұлт өкілдері арасындағы мемлекеттік тілді меңгерушілер байқауларына дайындап, қатыстыруға да мемлекеттік тілді насихаттаудың тиімді жолы ретінде аса мән беріліп келеді. Кафедраның тәрбие жұмыстарының жылдық жоспарында рухани-адамгер-

шілік, эстетикалық, интеллектуалдық, патриоттық, интернационалдық, салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу, құқықтық мәдениет пен діни, саяси сауаттылықты қалыптастыру және көптілді білім беруді жүзеге асыру бойынша жан-жақты көрініс тапқан іс-шаралар кафедрада оқытылатын пәндердің мақсатымен ұштастырыла жүргізілгендіктен, студенттерді тәрбиелеумен қатар, олардың тілдік дағдыларын жетілдіруге, көптілділікті насихаттауға қызмет етеді.

Кафедра оқытушылары студенттерді қаламыздағы театр қойылымдарына, мұражайлар мен көрме залдарына ұйымдасқан түрде апаруды тәрбиелік ғана емес, білімдік, дамытушылық мәні зор жұмыстар ретінде ерекшелейді. Осындай әрбір топтық тәрбиелік шарадан кейін студенттер көрген-білгендері, ойға түйгендері туралы жазбаша пікір береді, ауызша талқылайды, алған әсерлерін ортаға салады. Осылайша, бұл жұмыстар да білім алушылардың ой-өрістерін, эстетикалық талғамын, дүниетанымдарын дамытады, көргенін ой елегінен өткізіп, талдай алуға үйретеді, өз ойлары мен тұжырымдарын еркін жеткізе білуге жаттықтырады, демек тіл дамытудың, жеке тұлғалық қалыптасудың бір құралы ретінде ұтымды пайдаланылады.

Бүгінде студенттеріміз үш тілде бірдей сөйлеп, үш тілде өткізілетін әр түрлі сайыстарға белсене қатысуға бағыт алып келеді. «Жүрегімің түбіне терең бойла», «Я лиру посвятил народу своему!», «Любовь в жизни и поэзии...» тақырыптарымен сабақтан тыс ұйымдастырылған Абай оқулары, Пушкин оқулары, Шекспир оқулары – осының дәлелі. Осындай шаралар арқылы студенттер жеке тұлға ретінде қалыптасады, өз қабілеттерін шыңдап, шығармашылықтарын дамытуға, өнерлерін көрсетуге, бір-бірінен үйренуге, өзара араласуға мол мүмкіндіктер алады.

Гүлжан КАРЖАУОВА,
«Қазақ және орыс тілдері»
кафедрасы меңгерушісінің м.а.